

**Әлеуметтік көмек туралы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 ақпандағы
N 54 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 5 сәуірдегі N 116 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 23 сәуірде N 14-6-98 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 20 мамырдағы N 683 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2011.05.20 N 683 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазығұрт аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 18 наурыздағы "Қазығұрт аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы "2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" № 26/199-IV санды шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" № 31/225-IV санды шешіміне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әлеуметтік көмек туралы" Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 ақпандағы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 14-6-93 болып тіркелген, "Қазығұрт тынысы" аудандық газетінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 21-22 санында жарияланған) № 54 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г. Тағаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Т.С.Алиев*
Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2010 жылдың 5 сәуірдегі
N 116 қаулысына қосымша

Қазығұрт ауданының жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарына көрсетілетін әлеуметтік көмектің түрлері мен мөлшері

№	Жекелеген мұқтаж азаматтар санаты	Әлеуметтік көмектің түрлері мен мөлшері	Мерзімі
Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттер арқылы төленетін біржолғы материалдық көмектер			
1.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне біржолғы материалдық көмек	65 000 (алпыс бес мың) теңгеден	2010 жылдың сәуір айы
2.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне теңестірілген азаматтарға біржолғы материалдық көмек	25 000 (жиырма бес мың) теңгеден	2010 жылдың сәуір айы
3.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай соғыста қайтыс болған жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне біржолғы материалдық көмек	25 000 (жиырма бес мың) теңгеден	2010 жылдың сәуір айы
4.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің жесірлеріне біржолғы материалдық көмек	25 000 (жиырма бес мың) теңгеден	2010 жылдың сәуір айы
5.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай тыл еңбеккері ретінде Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілгендерге біржолғы материалдық көмек	10 000 (он мың) теңгеден	2010 жылдың сәуір айы
6.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне әуе және темір жол көлігінде Қазақстан Республикасы көлемінде бір рет жол жүруге	26 700 (жиырма алты мың жеті жүз) теңгеден	2010 жылдың сәуір-желтоқсан айлары
7.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне ТМД мемлекеттері көлемінде бір рет жол жүруге	81 600 (сексен бір мың алты жүз) теңгеден	2010 жылдың сәуір-желтоқсан айлары
8.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне Астана қаласына бір рет барып келуге	64 000 (алпыс төрт мың) теңгеден	2010 жылдың мамыр айы
9.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне қалааралық транспортта жүруге біржолғы материалдық көмек	3000 (үш мың) теңгеден	2010 жылдың сәуір-желтоқсан айлары

10.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне автобуста тегін жүруге біржолғы материалдық көмек	3600 (үш мың алты жүз) теңгеден	2010 жылдың сәуір-желтоқсан айлары
Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне облыстық бюджеттен бөлінетін трансферттер арқылы төленетін біржолғы материалдық көмектер			
11.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне біржолғы материалдық көмек	50 000 (елу мың) теңгеден	2010 жылдың сәуір-мамыр айлары
12.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай соғыста қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің жесірлеріне біржолғы материалдық көмек	10 000 (он мың) теңгеден	2010 жылдың сәуір-мамыр айлары
13.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай соғыста қайтыс болған жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне біржолғы материалдық көмек	10 000 (он мың) теңгеден	2010 жылдың сәуір айы
14.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай тыл еңбеккері ретінде Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілгендерге біржолғы материалдық көмек	5000 (бес мың) теңгеден	2010 жылдың сәуір айы
Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне және жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға аудандық бюджеттен төленетін біржолғы материалдық көмектер			
15.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектерінің үйлеріне тегін сымтетік орнатуға берілетін біржолғы материалдық көмек	5790,40 (бес мың жеті жүз тоқсан теңге қырық тиын) теңгеден	2010 жылдың ақпан айы
16.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне аудандық бюджет есебінен біржолғы материалдық көмек	35 000 (отыз бес мың) теңгеден	2010 жылдың сәуір-мамыр айлары
17.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектерінің жесірлеріне аудандық бюджет есебінен біржолғы материалдық көмек;	10 000 (он мың) теңгеден	2010 жылдың мамыр айы
18.	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне мерзімді басылымдарға тегін жаздыру	«Қазығұрт тынысы», «Оңтүстік Қазақстан», «Южный Казахстан», «Жанубий Казахстан», «Дала мен Қала», «Рейтинг», «Қазақ елі» мерзімді басылымдарына	2010 жылдың I-II жарты жылдықтары

19.	Алтын алқа, Батыр ана, Ұлы Отан соғысы қатысушыларының жесірлері, 100 жасаған аналар, тіркеуде тұрған жалғыздікті аналарға 8-Наурыз мерекесі құрметіне біржолғы материалдық көмек;	1000 (мың) теңгеден	2010 жылдың наурыз айы
20.	Ауған соғысының іс-әрекетіне қатысушыларға біржолғы материалдық көмек	1000 (мың) теңгеден	2010 жылдың ақпан айы
21.	Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқандарға біржолғы материалдық көмек	2000 (екі мың) теңгеден	2010 жылдың мамыр айы
22.	Жалғыздікті қарттарға, мүгедек балаларға, 100 жасаған аналарға 1, 10 – Қазан Халықаралық қарттар және мүгедектер күніне орай жылына бір рет дәрі-дәрмек алуға біржолғы материалдық көмек	2000 (екі мың) теңгеден	2010 жылдың қазан айы
23.	Тіркеуде тұрған жалғыздікті қарттарды қолдау мақсатында олардың ішінен 80 жастан асқан қарттарға зейнетақысына қосымша ай сайын қосымша жәрдемақы беруге;	бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде	2010 жыл бойы
24.	Адамның иммун тапшылығы вирусы инфекциясын жұқтырған балалары бар отбасыларға ай сайынғы өтемақы төлеуге;	31 418 (отыз бір мың төрт жүз он сегіз) теңгеден	2010 жыл бойы
25.	Халықтың аз қамтамасыз етілген аса мұқтаж нысаналы топтарына біржолғы материалдық көмек	60 000 (алпыс мың) теңгеден	2010 жылдың ақпан-маусым айлары
26.	Халықтың аз қамтамасыз етілген аса мұқтаж нысаналы топтарына қосымша ай сайын қосымша көмек	0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде	2010 жыл бойы
27.	Аз қамтамасыз етілген отбасыларға біржолғы материалдық көмек.	5000 (бес мың) теңгеден	2010 жылдың ақпан-маусым айлары